

2003 жылғы 30 қазанда Қазақстан кәсіпкерлерінің форумын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 229-ө өкімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2002 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан кәсіпкерлерінің 10-шы форумында берілген тапсырмасының 1-тармағы 10-тармақшасын орындау мақсатында:

1. 2003 жылғы 30 қазанда Қазақстан кәсіпкерлерінің форумын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комиссиясы (бұдан әрі - Ұйымдастыру комиссиясы) мынадай құрамда құрылсын:

Мыңбаев - Қазақстан Республикасы Премьер-
Сауат Мұхаметбайұлы Министрінің орынбасары, төраға

Исекешев - Қазақстан Республикасының

Әсет Өрентайұлы Индустрия және сауда вице-министрі,
төрағаның орынбасары

Асанов - Қазақстан Республикасының Әділет

Жақып Қажманұлы вице-министрі

Рахметов - Қазақстан Республикасының

Нұрлан Құсайынұлы Қаржы вице-министрі

Нығматуллин - Қазақстан Республикасының Көлік

Нұрлан Зайроллаұлы және коммуникациялар вице-министрі

Исаев - Қазақстан Республикасының

Батырхан Арысбекұлы Экономика және бюджеттік жоспарлау
вице-министрі

Мисников - Қазақстан Республикасының

Владимир Андреевич Индустрия және сауда министрлігі
Шағын бизнесті қолдау жөніндегі

комитетінің төрағасы

Ибадоллаев - "Шағын кәсіпкерлікті дамыту

Азамат Амалұлы қоры" жабық акционерлік қоғамының
президенті (келісім бойынша).

2. Ұйымдастыру комиссиясы қазақстан кәсіпкерлерінің форумын өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдастыру комиссиясының отырыстары айына кемінде бір рет өткізілсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК